

## Мемлекет пайдасына бас тартудың кедендік режимі туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Кабинет министрі жанындағы Кеден комитетінің Бұйрығымен 1995 жылғы 26 қазан N 157-П Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1995 жылға 9 қарашада N 128 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 2001.02.09. N 46 бұйрығымен. ~V011444

#### 1. Жалпы ережелер

1.1. Мемлекет пайдасына бас тарту - кеден баждарын, қосымша құнға салықты, акциздерді, алуы кеден органдарына жүктелген басқа да салықтарды алусыз, сондай-ақ экономикалық саясат шараларын (квоталау, лицензиялау т.б.) қолданбай-ақ, тауар немесе көлік құралдарынан адамның бас тартатын кездегі кеден режимі.

1.2. Тауарлар мен көлік құралдарын мемлекет пайдасына бас тартудың кедендік режимімен орналастыруға кеден органының рұқсатымен жол беріледі.

1.3. Осы Ережеге сәйкес тауарлар мен көлік құралдарынан бас тарту мемлекетке ешқандай шығынын тигізбейді.

1.4. Мемлекет пайдасына бас тартудың кедендік режимін таңдап алған адам тауарлар мен көлік құралдарын мемлекет пайдасына бас тартудың кедендік режиміне орналастыруға кеден органының рұқсатын алған соң аталған режимді басқасына айырбастауға құқылы емес.

#### 2. Тауарлар мен көлік құралдарын мемлекет пайдасына бас тартудың кедендік режиміне орналастыру

2.1. Тауарлар мен көлік құралдарын мемлекет пайдасына бас тартудың кедендік режиміне:

- Қазақстан Республикасы кеден шекарасын іс жүзінде кесіп өткен, әкелінетін тауарлар мен көлік құралдары;

- Қазақстан Республикасы кеден аумағына әкелінген және өзге кедендік режиміне орналастырылған тауарлар мен көлік құралдары;

- өздеріне қатысты кеден декларациясы берілген немесе оларды адамның шығаруын қалайтын ниетін орындауға тікелей бағытталатын өзге әрекет жасалған, әкетілетін тауарлар мен көлік құралдары орналастыруы мүмкін.

2.2. Тауарлар мен көлік құралдарын мемлекет пайдасына бас тартудың кедендік режиміне:

- Қазақстан Республикасына әкелуге, Қазақстан Республикасынан әкетуге тыйым салынған тауарлар мен көлік құралдарын;

- Қазақстан Республикасы аумағында еркін айналым үшін немесе кері импорттың кедендік режиміне сәйкес шығарылған тауарлар мен көлік құралдарын;

- N 1 Қосымшада аталынған тауарлар мен көлік құралдарын орналастыруға жол берілмейді.

2.3. Кеден органы тауарлар мен көлік құралдарын мемлекет пайдасына бас тартудың кедендік режиміне орналастырудан:

- тауарлар мен көлік құралдарын мемлекет пайдасына бас тартудың кедендік режиміне орналастыру мемлекетке шығынын тигізуі мүмкін болса;

- тауарлар мен көлік құралдарының құны кеден органының жүзеге асыруға байланысты шығыстарын жаба алмаса;

- кеден органдарының тауарлар мен көлік құралдарын өткеру мүмкіндігі шектеулі болса;

- кеден органының бұған жеткілікті негіздері болатын өзге жағдайларда бас тартуы мүмкін.

2.4. Мемлекет пайдасына бас тартудың кедендік режимін тауарлар мен көлік құралдарын өткізетін адам не кеден брокері мәлімдеуі мүмкін.

Бас тартудың кедендік режиміне мәлімдеудің заңдылығы үшін декларант кез келген үшінші адамның алдында жауап береді.

Кеден органдары декларанттың мемлекет пайдасына бас тартқан тауарлар мен көлік құралдарына қатысты үшінші адамдардың қандай да бір мүлдік талаптарын қанағаттандырмайды.

2.5. Тауарлар мен көлік құралдарын мемлекет пайдасына бас тартудың кедендік режиміне орналастыруға рұқсатты беру туралы шешімді кеден органы құрылымдық бөлімшесінің бастығы не Қазақстан Республикасы Орталық кеден органының арнайы нормативті актілерімен басқаша белгіленбесе, оның орнындағы адам қабылдайды.

2.6. Кеден органы сертификациялау немесе басқа мемлекеттік органдардың бақылауына жататын тауарлар мен көлік құралдарына қатысты сертификаты бар болған немесе мал дәрігерлік, фитосанитарлық, экологиялық және мемлекеттік бақылаудың басқа да түрлерінен өткен жағдайда тауарлар мен көлік құралдарын мемлекет пайдасына бас тартудың кедендік режиміне орналастыруға рұқсат береді.

2.7. Кеден органдары тасымалдаушыға, қойма иесіне, өзге адамдарға осы тауарлар мен көлік құралдарын мемлекет пайдасына бас тартудың кедендік режиміне орналастырылғанға дейін тауарлар мен көлік құралдарын тасымалдау, сақтауға, олармен жүк және өзге де операцияларды жүргізумен байланысты кез

келген шығыстарды өтемейді.

### 3. Мемлекет пайдасына бас тартудың кедендік режиміне орналастырылатын тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеу

3.1. Мемлекет пайдасына бас тартудың кедендік режиміне орналастырылатын тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеу Орталық кеден органының арнайы нормативті актілерімен басқаша белгіленбесе, қызметінің аймағында тауарлар мен көлік құралдары орналасқан кеден органында жүргізіледі.

3.2. Мемлекет пайдасына бас тартудың кедендік режиміне тауарлар мен көлік құралдарын орналастыру кезінде декларант кеден органына төмендегідей құжаттарды:

- N 2 Қосымшаға сәйкес толтырылған кедендік жүк декларациясы не N 3 Қосымшаға сәйкес адамның толтырылған өтініші. Егер адам кедендік статистиканы жүргізу мақсатында кеден органының лауазымды адамына аталған өтінішті көрсету жолымен тауарлар мен көлік құралдарын мәлімдесе, кедендік жүк декларациясының бланкісінде N 4 Қосымшаға сәйкес мәлімделінген деректерді көшіріп жазады.

- егер тауарлар мен көлік құралдары өзге мемлекеттік органдардың бақылауына жататын болса, онда осы органдардың рұқсаттары;

- тауарлар мен көлік құралдарына жүк және тауарды алып жүру құжаттары (үстеме жол құжаттары, коносаменттері, арнайы құжаттар, шот-фактуралар және т.б.);

- міндетті сертификаттауға жататын тауарлар мен көлік құралдарына қатысты - сертификат;

- кедендік ресімдеу мен кедендік бақылауды жүргізу үшін қажет өзге құжаттарды көрсетеді.

3.3. Мемлекет пайдасына бас тартудың кедендік режиміне тауарлар мен көлік құралдарын орналастыруға кеден органының рұқсатын кеден органының құрылымдық бөлімшесінің бастығы не оның орнындағы адам кедендік жүк декларациясының "Д" бағанында не адамның өтінішінде қолымен және жеке нөмірлік мөрмен куәландырылған "Бас тартуға рұқсат" деген жазуды жазу жолымен ресімделеді.

3.4. Кеден органына кедендік жүк декларациясын немесе адамның N 3 Қосымшаға сәйкес жасалынған мемлекет пайдасына бас тартудың кедендік режиміне тауарлар мен көлік құралдарын орналастыру туралы өтінішін ұсыну кепіл беруші кепіл туралы шартта кепіл заты ретінде берілген мемлекет пайдасына бас тартудың кедендік режиміне тауарлар мен көлік құралдарын орналастыру туралы мәлімдеген жағдайда кепіл заты болып табылатын тауарлар

мен көлік құралдарына қатысты талап етілмейді. Кепіл берушінің шарттағы мұндай мәлімдемесі мәлімдеудің жеңілдетілген нысаны болып табылады, кеден органының аталған шартты жасауы осы органның мемлекет пайдасына бас тартудың кедендік режиміне тауарлар мен көлік құралдарын орналастыруға рұқсаты ретінде қаралады.

#### 4. Қорытынды ереже

4.1. Мемлекет пайдасына бас тартудың кедендік режиміне тауарлар мен көлік құралдарын орналастыру кезінде декларант кеден баждарын және салықтар, сондай-ақ кедендік ресімдеу үшін кедендік алымдар алынбайды.

4.2. Кеден органының мемлекет пайдасына бас тартудың кедендік режиміне тауарлар мен көлік құралдарын орналастыруға рұқсат берген кезінде осы тауарлар мен көлік құралдарына қатысты кеден төлемдерін төлеуді қамтамасыз ету үшін берілген банктің кепілдемесі өзінің күшін жояды.

Осы уақытта сонымен қатар кеден төлемдерін төлеуді қамтамасыз ететін кепілдің шарттары бойынша кепілдік құқықтық қатынастар тоқтатылады, берілген банктің кепілдемесі өзінің күшін жояды.

4.3. Мемлекет пайдасына бас тартудың кедендік режиміне тауарлар мен көлік құралдарын орналастыру кезінде төлеушіге:

- кеден төлемдерін төлеуді қамтамасыз ету ретінде кеден органының депозитіне салынған сомалар;

- кеден аумағында ұқсатудың кедендік режиміне орналастырылатын тауарлар мен көлік құралдарын орналастыру кезінде төленген кедендік әкелім баждарының сомалары;

- Қазақстан Республикасы кеден аумағына тауарлар мен көлік құралдары іс жүзінде әкетілмеген жағдайда тауарлар экспорттың кедендік режиміне орналастырылған және тауарлар мен көлік құралдары уақытша әкетілген кезде кедендік әкетім баждарының сомалары қайтарылады.

Мемлекет пайдасына бас тартудың кедендік режиміне тауарлар мен көлік құралдарын, уақытша әкелінетін тауарлар мен көлік құралдарын орналастыру кезінде төленген кедендік әкелім баждары мен салықтар қайтарылмайды.

4.4. Мемлекет пайдасына тауарлар мен көлік құралдарынан бас тартқан адам тауарлар мен көлік құралдарын кеден органы анықтайтын орынға өз есебінен жеткізуге міндетті.

4.5. Кеден органының адамына мемлекет пайдасына бас тартудың кедендік режиміне орналастырылған тауарлар мен көлік құралдарын берген кезде сол адамның өтінішімен нысаны N 5 Қосымшада келтірілген акті екі данада жасалынады. Осындай актілердің бланкілері есеп берудің қатаң қаржы құжаттары болып табылады. Аталған актінің бір данасы мемлекет пайдасына бас

тартудың кедендік режиміне тауарлар мен көлік құралдарын орналастыруға рұқсат берген кеден органында сақталынады. Актінің екінші данасы мемлекет пайдасына тауарлар мен көлік құралдарынан бас тартқан адамға беріледі.

4.6. Адамның мемлекет пайдасына тауарлар мен көлік құралдарынан бас тартқан тауарлар мен көлік құралдарына иелік ету кеден заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

## Мемлекет пайдасына бас

### тартудың кедендік режимі туралы Ережеге N 1 Қосымша

#### Мемлекет пайдасына бас тартудың кедендік режиміне орналастыруға жол берілмейтін тауарлар мен көлік құралдарының Тізбесі

Қару-жарақ, оған оқ-дәрілер, әскери техника, қосалқы бөлшектер, жинақтаушы бұйымдар және оларға приборлар, жарылғыш заттар, жарылу құралдары, дәрісі, зымырандық отынның барлық түрлері, сондай-ақ оларды өндіруге арналған құрал-жабдықтар мен материалдар, ісі үшін арнаулы жабдықтар, әскерилендірілген ұйымдардың жеке құрамының арнайы құрал-саймандары және оларды өндіру мен пайдалануға нормативті - техникалық құжаттама.

Ракеталық-космостық кешендер, байланыс және әскери мақсаттағы басқару жүйелері және оларды өндіру мен пайдалануға нормативті-техникалық құжаттама.

Әскери уландырғыш заттар, олардан қорғану құралдары және оларды өндіру мен пайдалануға нормативті-техникалық құжаттама.

Уран, басқа бөлінетін материалдар және олардан бұйымдар.

Ғылыми-зерттеу және жобалау жұмыстарының, сондай-ақ қару-жарақ және

әскери техникаларды жасау бойынша түпкілікті ізденістік зерттеу жұмыстарының нәтижелері.

Шифрлік техника және оларды өндіру мен пайдалануға нормативті-техникалық құжаттама.

Есірткі, жүйке улағыш, күшті әсер ететін, улы заттар.

Радиоактивті материалдың қалдықтары.

Жарылғыш заттардың қалдықтары.

Өнеркәсіп қалдықтары.

Электр, жылу энергиясы және оның өзге түрлері.

Мемлекет пайдасына бас

тартудың кедендік режимі  
туралы Ережеге  
N 2 Қосымша

---

(кеден органының атауы)

---

(адамның аты-жөні, мекен-жайы)

Өтініш

---

(тауарлардың немесе көлік құралдарының атауы, жеке

---

белгілері, саны (өлшемі, салмағы ж.т.б.)

---

\_\_\_\_\_ мемлекет пайдасына бас тартудың кедендік режиміне орналастыруыңызды сұраймын.

Бас тартудың себебі: \_\_\_\_\_

---

\_\_\_\_\_

(жетекшінің не уәкілдігі  
бар өзге адамның қолы, жеке  
тұлғаның қолы)

199\_\_ ж. " \_\_ " \_\_\_\_\_

Мемлекет пайдасына бас

тартудың кедендік

\_\_\_\_\_

(кеден органының атауы)

режимінің Ережесіне  
N 5 Қосымша

Мемлекет пайдасына бас тартудың кедендік режиміне  
орналастырылған тауарларды және көлік құралдарын  
беру актісі

Осы акт 19\_\_ж " \_\_ " \_\_\_\_\_  
(ұйымның толық атауы

\_\_\_\_\_ немесе адамның тегі, әкесінің аты, аты, оның мекен-жайы)  
\_\_\_\_\_ мемлекет пайдасына бас  
(кеден органының атауы)

тартудың кедендік режиміне орналастыруға төменде көрсетілген  
тауарлар және көлік құралдарының берілгені жөнінде жасалынды:

	тауарлардың	Бірлік	Саны	N КЖД	Ескертулер
N	атауы және				
р/с	олардың жеке				
	белгілері				


\_\_\_\_\_ өткізді. \_\_\_\_\_ М.О.

(лауазымы,

<\*>

аты-жөні)

қолы

Ескерту: кәсіпорындар және ұйымдар үшін

\_\_\_\_\_ қабылдады. \_\_\_\_\_ М.О.

(кеден органы лауазымды

қолы

адамның лауазымы,

<\*>

тегі, аты-жөні)

Ескерту: кеден органы атынан актіге материалдық  
жауапты лауазымдағы адам қол қояды.



Мемлекет пайдасына бас  
тартудың кедендік  
режимі туралы Ережеге  
N 2 Қосымша

Тауарларды мемлекет пайдасына бас  
тартудың кедендік режиміне орналастыру  
кезінде кедендік жүк декларациясын толтырудың  
Тәртібі

Тауарларды мемлекет пайдасына бас тартудың кедендік режиміне орналастыру кезінде кедендік жүк декларациясының:

1, 4, 5, 6, 7, 12, 14, 22, 31, 33, 35, 37, 38, 40, 41, 44, 54, С және Д бағандары толтырылады.

Бұл ретте 12, 22, 45 бағандары тауарлардың құны белгілі болған жағдайда толтырылады.

4, 5, 6, 7, 12, 31, 33, 35, 38, 41, 44, 45, С,Д бағандары КЖД толтырудың тәртібі туралы Нұсқаудың 2 және 3 бөлімдеріне сәйкес толтырылады.

22, 31, 40 бағандары КЖД толтырудың тәртібі туралы Нұсқаудың 6 бөліміне сәйкес толтырылады.

14, 54 бағандарын толтырудың төмендегідей ерекшеліктері бар:

14 баған. "Декларант"

Бағанда мемлекет пайдасына бас тартудың кедендік режиміне тауарлар мен көлік құралдарын орналастыратын адам туралы мәліметтер: кәсіпорын, ұйым-мекеменің атауы және мекен-жайы, жеке тұлғаның аты-жөні, тегі, мекен-жайы, жеке басын растайтын құжат жөніндегі мәліметтер көрсетіледі.

54. баған "Орны мен күні"

Бағанда кедендік жүк декларациясының бланкісін толтырған кеден органының атауы, лауазымды адамның лауазымы, тегі, аты-жөні, көрсетіледі.

Мәліметтерді лауазымды адам өзінің қолы мен жеке нөмірлік мөрмен куәлендіріледі.

Оқыған:

Багарова Ж.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК